«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

090000, Орал қаласы, Досмухамедова көшесі, 45
тел./факс: 8 (7112) 50-57-03, e-mail: fink.uralsk@minfin.gov.kz

090000, г. Уральск, ул. Досмухамедова, 45
тел./факс: 8 (7112) 50-57-03, e-mail: fink.uralsk@minfin.gov.kz

05.05.2018 №07-6-1/1188

«Гео Нұр құрылыс» ЖШС-ң
директоры
Ә.Б.Асанбековаға

ОҚО, Шымкент қ-сы,
Әл-Фараби алаңы, №3
8/7252/395424
geonurkurylys@mail.ru

Сіздің 2018 жылғы 18 сәуірдегі №11410 хатыңызға
(2018 жылғы 18 сәуірдегі №ЗТГ-286)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі - Департамент*) Сіздің 18.04.2018 жылғы №11410 хатыңыз негізінде «Зелёнов ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-де №2420976-1 хабарлама бойынша «"БҚО Зеленов ауданы Үлкен Шаған ауылының әкімшілік ғимараты құрылысы"жұмыс жобасы бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу» конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалар талаптарының сақталуына камералдық бақылау шаралары жүргізілгендігін хабарлайды.

Камералдық бақылау шараларының қорытындылары бойынша, Сіздің хатыңызда көрсетілген негіздемелер толық емес дәлелденді, соның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары» 155-тармағының талаптарын бұзушылықтар анықталды (шартты жеңілдіктерді дұрыс қолданылмаған және әлеуетті өнім берушілердің жұмыс өтілдері дұрыс есептелмеген). Конкурстық комиссия Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормаларын дұрыс қолданған жағдайда, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 172-тармағының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы болып "Қазақстан сараптау қауымдастығы "KAZEXPERTIZA" (ҚАЗСАРАПТАМА /КАЗЭКСПЕРТИЗА)" ЖШС танылуы тиіс (жалпы шартты жеңілдік мөлшері 13%, жұмыс тәжірибесі 3 жыл (2016-2018 жылдары жүргізілген жұыстар туралы ақпарат

05.05.2018

біліктілік туралы мәліметтерінде көрсетілген және растаушы құжаттары жалғанған), ал «Экспертиза PRO» ЖШС және «Гео Нұр құрылыс» ЖШС жұмыс тәжірибелері – 2 жыл, «Экспертиза PRO» ЖШС біліктілік туралы мәліметтеріне 2016 және 2017 жылы жүргізілген жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат көрсетілген, «Гео Нұр құрылыс» ЖШС-ң біліктілік туралы мәліметтеріне 2016-2018 жылдары жүргізілген жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат көрсетілген, алайда 2018 жылы жүргізілген жұмыстар бойынша растаушы құжаттар ұсынылмаған).

Департамент камералдық бақылау нысанына камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданды.

Сонымен қатар, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабына сәйкес шағым беру құқығыңыз бар екендігін хабарлаймыз.

Басшы орынбасары **В.Пак**

Орын. Н. Маширов
Тел.: 51-10-28